04-маусым 2025 жылы жазған шағымда көрсеткен талаптарымызға сіздің тарапыңыздан толық жауап берілмеді. Атап айтқанда:

- Осы конкурсқа қатысуға рұқсат етілген өтінімдерден

1. «НұрАман» ЖШС-і конкурсқа салған материалдық ресурсы бойынша – «ШымТехника» ЖШС-нің айтуы бойынша шарт жасақталмаған, сол себепті, сізден «ШымТехника» ЖШС-нен шарттың жасалуын растауыңызды сұраймын.

2 Жеке тұлға Б. Ж. Бекмырзадан бульдозер техникасын жалға алғаны туралы шарт болғанымен техникалық паспорты тіркелмеген.

- Еңбек ресурстары бойынша біліктілік құжаттары түгел емес, атап айтсақ, 3 (үш) учаске шеберінің біліктілігін растайтын құжаттары жоқ. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 78-тармағында көрсетілген: **Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы расталады.** Қағидада анық көрсетілгендей, яғни **учаске шеберінің** біліктілігін растайтын тиісті құжаты болуы шарт!

Әрекетсіздік және/немесе арызды қанағаттандырусыз қалдырған жағдайда, заңдылықты сақтау бойынша жоғары тұрған, бақылаушы, уәкілетті, қадағалау, құқық қорғау және сот орындарына жүгінетінімізді қаперіңізге беремін.

«Stroy Capital LTD» ЖШС-і басшысы Айтыманов А. Е.